ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 29 сәуірі №6213-24-00-2/269 іс Жезқазған қаласы

Ұлытау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Ж.Б.Агедилова оңайлатылған тәртіппен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ұлытау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі;

ЖАУАПКЕР:
«Sharm-2019» жауапкершілігі шектеулі серіптестігі;

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану;

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 272-бабына сәйкес міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабы 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, жиынтығында мынадай: 1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі; 2) шарттық міндеттемелерді толық орындау; 3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттары қанағаттандырылатын жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы

Құжатқа қол қойылған: Агедилова Ж. Б., 29.04.2024
Заңды күшіне енген күні: 11.07.2024, судья Агедилова Ж. Б., 26.07.2024
6213-24-3-1/272

заңнамасын бұзу фактісі туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, сотқа осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қойып жүгінуге міндетті.

Заңның 38-бабы 4-тармағының негізінде әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын беруі оның мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасында көзделген талаптарды сақтай отырып, тауарды беруді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісім білдіру нысаны болып табылады.

2024 жылғы 08 ақпанында мемлекеттік сатып алу қорытындылары бойынша талап қоюшы және жауапкер арасында №60 тауарларды сатып алуға мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарт (бұдан әрі – шарт) жасалды. Шарттың жалпы сомасы – 63 840 теңге.

Келісім шарт негізінде міндеттеме шарт бекітілген уақыттан бастап 15 жұмыс күн ішінде, яғни 2024 жылдың 29 ақпанына дейін орындалуы тиіс болатын. 2024 жылдың 06 наурызында мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы хабарлама жолданған, алайда мердігер тарапынан өз міндеттемелерін орындауға әрекет болмаған.

Демек, өнім беруші мемлекеттік сатып алуға қатысып, тапсырыс берушімен келісімге қол қойып, жұмысты уақытында орындауға келісіп, алайда шарт бойынша міндеттемесін орындамаған.

Өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгіну үшін Заңда көрсетілген мерзім сақталған.

Мұндай жағдайларда талап қоюшының талабы негізді және қанағаттандырылуға тиіс.

АПК-нің 117-бабының 1-бөлігіне сәйкес талап қою берілген кезде талап қоюшы төлеуден босатылған мемлекеттік баж жауапкерден жергілікті бюджеттің кірісіне өндіріп алынуға жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 223-226, 403 – баптарын басшылыққа ала отырып,

Ш Е Ш Т І:

Талап қоюшы «Ұлытау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Sharm-2019» жауапкершілігі шектеулі серіптестігін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап арызы қанағаттандырылсын.

«Sharm-2019» жауапкершілігі шектеулі серіптестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Sharm-2019» жауапкершілігі шектеулі серіптестігінен жергілікті бюджеттің кірісіне 1873 (бәр мың сегіз жүз жетпіс үш) теңге мөлшерінде баж салығы өндірілсін.

Шешім, егер оған шағым немесе прокурордың апелляциялық өтінішхаты келтірмесе, оған аппеляциялық шағымдану, прокурордың

Құжатқа қол қойылған: Агедилова Ж. Б., 29.04.2024
Заңды күшіне енген күні: 11.07.2024, судья Агедилова Ж. Б., 26.07.2024
6213-24-3-1/272

апелляциялық өтінішхаты келтіру өткен соң заңды күшіне енеді. Шешімге Ұлытау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Ұлытау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың апелляциялық өтінішхаты – шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья **Агедилова Ж.Б.**

Копия верна

Судья **Агедилова Ж.Б.**

Құжатқа қол қойылған: Агедилова Ж. Б., 29.04.2024

Заңды күшіне енген күні: 11.07.2024, судья Агедилова Ж. Б., 26.07.2024

6213-24-3-1/272